21	Құрал шкафы	5	дана
22	Металл стационарлық	1	дана
23	Кабинеттегі стендтер	14	дана
24	Дәнекерлеушінің арнайы киімі	25	дана
25	Дәнекерлеуші аяқ киім (етік)	25	дана

Колледж 2021 жылы «Жас Маман» жобасы аясында «07140100-Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)», «07150300- Токарлық іс (түрлері бойынша)», «07150500- Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)» мамандықтары бойынша техникалық жабдықтар алды.

Жас Маман бағдарламасы бойынша алынған құрал жабдықтардың тізімі

Мамандығы	Жабдықтың атауы
07140100- Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	<ul style="list-style-type: none"> • Учебный стенд-тренажер по изучению современной промышленной электропневмоавтоматики и программирования ПЛК Siemens, для одновременной работы 4-х человек • Демонстрационная промышленная система обучения электропроводке • Демонстрационный стенд-тренажер для изучения солнечной / ветровой энергетики • Интерактивная панель DigiTouch • Типовой комплект учебного оборудования "Электромонтаж и наладка систем энергоснабжения" • Набор инструментов для электромонтажных работ • Типовой комплект учебного оборудования «Потребители электрической энергии» • Типовой комплект учебного оборудования "Релейная защита", исполнение стендовое компьютерное, РЗ1-СК • Типовой комплект учебного оборудования «Монтаж систем автоматики»Исполнение: ручное со шкафом управления МиН –Са –ШР • Комплект виртуальных лабораторных стендов «Промышленная автоматика» • Типовой комплект учебного оборудования "Системы электроснабжения промышленных предприятий", исполнение стендовое компьютерное, СЭС-ПП-СК • Учебно-методический комплекс с лабораторным практикумом «Безопасность жизнедеятельности» • Типовой комплект учебного оборудования "Измерения давлений, расходов и температур в системах газоснабжения" ИСГ-ДРТ-012-12ЛР-ПК. • Типовой комплект учебного оборудования "Методы измерения температуры" МИТ-02 • Типовой комплект учебного оборудования "Система автоматического управления температуры", исполнение стендовое компьютерное, САУ-Т-СК • Имитатор неисправностей электродвигателей
07150300- Токарлық іс (түрлері бойынша)	<ul style="list-style-type: none"> • Токарный станок CTX 510 V4 eco с ЧПУ Siemens 840D SL • Токарный станок CTX 310 V3 eco с ЧПУ Siemens 840D SL • Фрезерный станок DMC 635 eco с ЧПУ Siemens 840D SL • Класс обучения ЧПУ программированию Siemens

	<p>SinuTrain</p> <ul style="list-style-type: none"> • Вертикально-фрезерный станок FP-48SPN с цифровым измерением • Станок сверлильный stalex stdi - 25T • Токарно-фрезерный станок Metalmaster MML 2550M (MML 250x500M) • Верстак слесарный • Заточной станок для концевых фрез, сверл, резцов и т. п. • Набор метчиков и плашек, 110 предметов Gigant STD110 • Шкаф инструментальный металлический ТС 1095 • Ноутбук • Принтер 3 в 1
<p>07150500- Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Сварочный стол без вентилятора с металлическим экраном + Система удаления дыма 601.0098.1 xFUME VAC FLEX 230 V 50 Hz Низкий вакуум Вытяжной шланг L = 4м • Установка аргодуговой сварки КЕДР MultiTIG-3200P AC/DC • Источник сварочный КЕДР MultiMIG-5000S • Аппарат инверторный КЕДР • Установка воздушно-плазменной резки ТОМАНАВК 1538 LINCOLN ELECTRIC с набором расходных частей и компрессором • Кузнечный станок ПРОФИ-5 - для «художественнойковки» с оснасткой • Укомплектованное рабочее место газорезчика • Виртуальный тренажер сварщика на паллете, модели ONEW-360

Жоғарыда көрсетілген кестеде жабдықтар бойынша жұмыс жасауды үйрену үшін колледждің арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері біліктілігін жоғарылату курстарынан өтті.

Біліктілігін жоғарылатқан педагогтер тізімі

№	Арнайы пәндер оқытушысы және өндірістік оқыту шеберінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Біліктілігін жоғарылатуды өткен мекемесі, сағат саны
1	Абдуллаев Нұрболат Асылбекұлы	DMG MORI
2	Абдраман Ибраһим Ахметұлы	ЖШС «Festo»
3	Ағман Мәлік Серікбайұлы	«Шипилкин В.Г.» ЖК
4	Алтынбеков Бакдаулет Узакбаевич	«Шипилкин В.Г.» ЖК
5	Башкинцева Ольга Ивановна	«Шипилкин В.Г.» ЖК
6	Болтаев Нургали Мусаулы	ЖШС «Festo»
7	Жанабаев Адильхан Курасбекович	«Шипилкин В.Г.» ЖК
8	Жумабаев Айдос Садуахасулы	DMG MORI
9	Кабулов Саттар Шарипович	«Шипилкин В.Г.» ЖК
10	Кадиров Дилмурод Тулепбай ұғли	ЖШС «Festo»
11	Кожамжаров Бексултан Рахматуллаевич	«Шипилкин В.Г.» ЖК
12	Куралова Алуа Курманбековна	ЖШС «Festo»
13	Молдабеков Ерсұлтан Мамытайұлы	ЖШС «Festo»
14	Саменбаев Берикбай Калмурзаевич	ЖШС «Festo»

15	Сатыбалды Бекжан	DMG MORI
16	Сейсенғалиева Гульжан Алимбаевна	ЖШС «Festo»
17	Тилеубергенов Медетбек Тасбулатович	«Шипилкин В.Г.» ЖК
18	Абдыхалыкова Айнур Шырынхановна	ЖШС «Festo»
19	Баймусаева Кымбат Амирхановна	ЖШС «Festo»
20	Тултаев Бауыржан Даулеткелдиевич	«Шипилкин В.Г.» ЖК
21	Алмахова Жанар Нургалиевна	ЖШС «Festo»
22	Зайцева Светлана Васильевна	ЖШС «Festo»
23	Исаев Султанбек Турсунбоевич	«Шипилкин В.Г.» ЖК
24	Саурова Айнур Алмабековна	ЖШС «Festo»

Колледждің оқу-тәрбие үдерісінің кестесінің негізінде 2 және 3 курс студенттері «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығын (бұдан әрі- Қағида) негізге ала отырып кәсіптік практика базасы болып айқындалған тізілімге енген кәсіпорындарда (ұйымдарда) жолдама арқылы өтеді.

Оқу практикасының бағдарламасы оқу жұмыс жоспары мен оқу жұмыс бағдарламасы негізінде өндірістік оқыту шебері әзірлейді.

Өндірістік практика қорытындылары бойынша білім алушы кәсіптік практиканың бағдарламасын орындағаны туралы еркін нысанда жазбаша есепті және Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік практиканы өту туралы күнделік-есепті тапсырады.

Білім алушылардың кәсіптік практикадан өтулерін күнделікті аға шебер және өндірістік оқыту шебері кәсіпорынға (ұйымға) бару арқылы қадағалайды.

Білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі үшін практика базалары ретінде айқындалған кәсіпорындар (ұйымдар) тізімі

№	Мамандықтың шифры, атауы, біліктіліктің шифры, атауы	Мекемелердің атауы
1.	1013000- Механикалық өңдеу, өлшеу- бақылау құралдары және өндірістегі автоматика 101306 2- Бақылау өлшеу аспаптары және автоматика бойынша слесарі	АҚ Шымкент Май ЖК Мансуров ЖШС Профилактика ЖШС Шымкент Цемент
2.	1109000- Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша) 110901 2- Токарь	ТОО «TS груп» ИП «НУР – СЕРВИС» ИП «Құдайбергенов А.Ж» ТОО «Пресс Автомат» ТОО«Автокрансервис» ТОО «KARLSKRONALCOB» ТОО«PERFOSYSTEMPRODUCTION» ТОО «OSKAR» ТОО «Феникс - 2015» ТОО «Технострой-А» ТОО «ШМЗ» ТОО «VACUUMMATIC» ИП «Сафронов Д.»

		<p>ИП «Гайпов» ТОО«КЭММ 2030» ТОО«Электроаппарат» ТОО«Автотранссинал»</p>
3.	<p>1114000- Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша) 111404 2- Электр газымен дәнекерлеуші</p>	<p>ЖШС АЛИ АЛИЯ ЖШС Елтанов ЖК Назаров Э. ЖК СТО 777 ЖК Батырбек ЖК Жарас ЖШС ПСК Атамекен ЖК Амангелді А. ЖК Данешов ЖШС КазГрандСтрой ЖК Майдина ЖШС QazinGroup ЖШС City Tema ТОО Жеңіс Құрылыс ЖШС ТенгизИнвестСтрой ЖК Такиров ЖК Келбет Құрылыс ЖК Мусабаев ЖК Мейрамбаев ЮжАвтоТранс ЖШС Юсталькон ЖК Эльдин ЖШС Темір-металл оптом ЖК Ынтымақ</p>
4.	<p>1115000- Өндірістегі электрлік-механикалық жабдықтар (түрлері бойынша) 111504 2- Электр жабдықтарын жөндеуші және қызмет көрсетуші электр монтері</p>	<p>ЖК Кулбаев ЖШС Ақ-алтын ЖШС Айтжан ТТ ЖШС Энергопоток ЖК Геотехника ЖК Арыстан</p>
5.	<p>1201000- Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану 120106 2- Автокөліктердің электр құрылғыларын жөндеуші электрик</p>	<p>ЖШС Амир-Амзе ЖК Амангелді А А ЖШС Вираз сервис Казахстан ЖШС Аква Терм ЖК ЛадаСервис ЖШС Газмэн ЖК «Ернур Л» ЖШС Автобуссервис ЖК Исаев ЖШС Мерей ЛТД ЖК Гусейнова ЖК Турдиев ЖК Бециев ЖК Ишметов ЖШС Югстройсервис ЖШС Электросервис ЖШС Автомаркет ЖК Дальман ЖК Абдуразаков</p>

		<p>ЖК Турсынкулова ЖК Нарходжаев ЖК Иванов ЖК Құрылыс монтаж ЖШС Пирим Авто ЖК Тажибаев ЖК МерейАвто ЖШС ХундайКиа ЖШС Ойл Центр ЖШС ЮгВнешТранс ЖК Әбіл МТ ЖШС Автосервис Тулпар ЖК Гайнуллин ЖК Нажимиддинов ЖШС NSCC ЖШС Quantum ЖК Алиев ЖК Мамедов ЖК Сорокин ЖК Оразбай Т. ЖШС Казахстанская Механизированная колона №50 ЖШС DSF Tradding CO ЖШС Авто Старт и К ЖК Адал Кызмет ЖШС Камаз Евро Сервис ЖК Бодрицкий А.Г ЖК Vezunchik ЖШС Бибо Компани ЖШС МЕК ЖШС Трэйдавто</p>
6.	<p>1201000- Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану 120107 2- Автокөлікті жөндеу слесарі</p>	<p>ЖК Ибраимов А.З ЖШС Электрохимзащита ЖШС Анварбек-Строй ЖК Умалл ЖК Ахмедов ЖК ТиоТрэйд ЖШС Нар ЖК Шадимат ЖК Алтаев ЖК Сейнур ЖШС СеверЮгУниверсал</p>
7.	<p>1304000- Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) 130401 2- Сандық ақпараттарды қайта өңдеу маманы</p>	<p>ЖК Мухатаев Н.Р. ЖШС Каз Машинери ЖК Изятковская ЖК Игамбердиев ЖК Мухатаев ҚМ Тассай ЖШС Фиркан</p>

16. Бақылау нысандарын, студенттерді ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу

Студенттерді ағымдағы бақылаудан және аралық аттестаттаудан өткізу

Колледж студенттердің үлгерімін ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды өткізудің нысандарын, тәртібін және кезеңділігін жұмыс оқу жоспарына сәйкес өткізеді.

Ағымдағы бақылау пәндер және модульдер бойынша оқытушының оқу бағдарламасында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын тексеруі арқылы және 100 балдық бағалау жүйесінің тәртібі бойынша әрбір оқыту нәтижесінің қорытынды бағасын қоя отырып жүзеге асырылады.

Қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі-ҚБТ) қолдана отырып, студенттердің үлгерімін ағымдағы бақылау:

- ✓ Студент пен оқытушының телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып Smart Nation электронды платформасында онлайн немесе офлайн режимінде тікелей қарым-қатынасы;
- ✓ Smart Nation электронды платформасында автоматтандырылған тестілеу кешендері;
- ✓ Smart Nation электронды платформасында жеке тапсырмаларды тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Студенттердің үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу нысандарын жұмыс оқу жоспарына сәйкес педагог оқу материалының мақсатын, мазмұнын ескере отырып анықтайды.

Студенттерді аралық аттестаттаудан өткізу пәндерінің және (немесе) модульдерінің тізбесі мен нысанын жұмыс оқу жоспарларына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі Колледж белгілейді және оқу жылының басында оқу-тәрбие процесінің кестесіне енгізіледі.

ҚБТ қолдану кезінде мына аралық аттестаттау нысандары:

- 1) тапсырманы орындауға кететін уақытты шектеу мүмкіндігі бар автоматтандырылған тест жүйелерін қолдана отырып тестілеу;
- 2) жеке жобаны іске асыру (онлайн, офлайн);
- 3) практикалық, шығармашылық тапсырманы орындау (онлайн, офлайн);
- 4) емтиханды онлайн режимінде тапсыру (ауызша немесе жазбаша түрде) қолданылады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: тіл, әдебиет, Қазақстан тарихы, математика және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі колледж таңдаған физика мен химия пәндері бойынша емтихан өткізуді көздейді.

Студенттерге жұмысшы біліктілігін беруге арналған аралық аттестаттау өткізу үшін колледж басшысының бұйрығымен біліктілік комиссиясы құрылады.

Жұмысшы біліктілігін беру туралы куәлік беру туралы шешім осы біліктілік бойынша жұмыс түрлерін орындау жөніндегі біліктілік емтиханы негізінде қабылданады.

Колледждегі студенттерді аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес курстық жұмыстарды қорғау, практика бойынша есептер, сынақтар және емтихандар нысанында жүзеге асырылады, бұл ретте сынақтар мен курстық жұмыстарды қорғау емтихандар басталғанға дейін өткізіледі.

Курстық жұмыстарды орындау үшін жеткілікті білімді меңгеруді қамтамасыз ететін модульдің теориялық бөлімі немесе тарауы аяқталғаннан кейін орындалады.

Аралық аттестаттау материалдары әрбір оқу пәнінің және модульдің оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде жасалады.

Студенттерді аралық аттестаттауға даярлау кезеңінде консультацияға бөлінген жалпы бюджет уақыты есебінен консультация өткізіледі.

Студенттерді емтихан нысанында аралық аттестаттаудан өткізу үшін:

- ✓ емтихан билеттері (емтихандық бақылау тапсырмалары), тест тапсырмалары, ситуациялық тапсырмалар;
- ✓ емтихан кезінде пайдалануға рұқсат берілген көрнекі құралдар, анықтама сипатындағы материалдар, нормативтік құжаттар мен техника үлгілері;
- ✓ оқу және технологиялық карталар;
- ✓ спорт залдары, жабдықтар, мүкәммалдар;
- ✓ емтихан ведомосы дайын болуы қажет.

Аралық аттестаттау кезінде емтихандар мен сынақтарды қабылдауды аталған пән және модуль бойынша семестр бойы сабақ берген оқытушылар не колледж басшысының тапсырмасы бойынша осы пәннің және модульдің бейініне сәйкес келетін біліктілігі бар оқытушы жүзеге асырады.

Аралық аттестаттауға әрбір пән және модуль бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, зертханалық, есептік-графикалық және курстық жұмыстарды, сынақтарды толық орындаған және ағымдағы білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы жоқ студенттер жіберіледі.

Емтиханға 1-2 пәннен және модульден қанағаттанарлықсыз бағасы бар студент колледж басшысының рұқсатымен, ал екеуден көп қанағаттанарлықсыз бағасы болса, педагогикалық кеңестің шешімімен жіберіледі.

Аралық аттестаттауды өткізу кезінде емтихан билеттері бойынша тапсырмаларды орындау үшін:

әрбір студентке ауызша емтиханға 25 (жиырма бес) минуттан көп емес;

жазбаша емтиханды өткізуге:

- ✓ әдебиет (шығарма) бойынша 6 астрономиялық сағаттан;
- ✓ математика және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша 4 академиялық сағаттан;
- ✓ мемлекеттік тіл және орыс тілі (мазмұндама) бойынша 3 астрономиялық сағаттан;

Жазбаша емтихан жұмыстары (тест тапсырмалары) білім беру ұйымының мөртабаны қойылған қағаздарда орындалады.

Сырақтануына байланысты немесе басқа да дәлелді себептермен аралық аттестаттаудан өтпеген студенттерге емтихандар мен сынақтарды тапсыруға жеке мерзімді колледж басшысының бекітілген бұйрығымен белгілейді.

Студенттерді қорытынды аттестаттауды өткізу

Колледж студенттерінің қорытынды аттестаттау, жалпы кәсіби және арнайы модульдер бойынша қорытынды емтихандар тапсыру арқылы жүргізіледі.

Қорытынды аттестаттау оны өткізудің алдын ала бекітілген кестесі бойынша өткізіледі.

Қорытынды аттестаттауға академиялық қарызы жоқ және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (бұдан әрі - МЖМБС) талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген студенттер жіберіледі.

ҚБТ-ны қолдана отырып, қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде білім беру ұйымы студенттердің жеке басын сәйкестендіруді қамтамасыз етеді, оның тәсілін ұйым дербес таңдайды және оны өткізу тәртібінің сақталуын бақылайды.

Студенттерді сәйкестендіру студентның жеке басын бейне камера алдында ашық түрде ұсынылған жеке басын куәландыратын құжаттың деректерімен визуалды салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Студенттер байланыс жабдықтары мен арналарына қойылатын техникалық талаптар туралы алдын ала хабардар етіледі. Колледж студенттердің техникалық мүмкіндігіне байланысты алдын ала тексеру арқылы көз жеткізеді.

Колледжде студенттерді қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылады.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы дауыс беру құқығынсыз хатшыны қоса алғанда кәсіпорындардың білікті мамандарынан, арнайы пәндер оқытушыларынан, өндірістік оқыту шеберлерінен және оқу орнын басқарудың алқалы органдары өкілдерінен, яғни жұмыс берушілер өкілдерінен 65% және колледжің өкілдерінен 35% арақатынасында құрылды.

Комиссия:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларында белгіленген студенттердің теориялық және практикалық даярлық деңгейінің сәйкестігін;

2) студенттердің өндірістік оқыту, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша нақты білім, іскерлік деңгейін және практикалық дағдыларын, кәсіптер (мамандықтар) бойынша оқу бағдарламалары мен біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкестігін айқындайды.

Комиссия отырыстарының ұзақтығы күніне 6 сағаттан аспайды.

Қорытынды аттестациялаудан өткен және сәйкес кәсіби білім беру бағдарламасын игергендігін дәлелдеген білім алушыға қорытынды аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі- ҚАК) шешімімен сәйкес мамандығы бойынша біліктілік және диплом қосымшасымен беріледі.

Қосымшасымен бірге дипломды беру ҚАК хаттамалары негізінде жүргізіледі.

Диплом қосымшасында барлық пәндер, курстық жұмыстар (жобалар), тағылымдаманың барлық түрлері және қорытынды аттестация нәтижелері бойынша алынған бағалар көрсетіледі.

Диплом және оған қосымша екі тілде толтырылады: қазақ және орыс тілдері.

17. Колледжде тәрбие үрдісін жүзеге асыру

«Индустриалды-техникалық колледждің» тәрбие жұмысы кәсіби деңгейі жоғары, білікті жұмысшы дайындауға, сонымен қатар жасөспірім мен кәмелетке толмаған тұлғаның дамуына, өз елінің патриоты болуға, өзін-өзі тәрбиелеу, рухани-адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге жағдай жасауға бағытталған.

Колледжде тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалған және Шымкент қаласының білім басқармасы тарапынан келісіліп бекітілген. Жылдық жоспар негізінде айлық жұмыс жоспары, топ жетекшілері мен өндірістік оқыту шеберлерінің біріккен жұмыс жоспары, онкүндіктер, апталықтар, спорт секциялары мен көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұмыс жоспарлары жасалды.

Тәрбиелеу процессінің негізгі мақсаты:

Бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, азаматтық ұстанымы, патриоттық санасы бар, мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері:

- оқу-тәрбие процесінің тұтастығын қамтамасыз ету;
- студенттердің жеке психологиялық ерекшеліктері негізінде тәрбиелеу түрлері мен әдістерін анықтау;
- азаматтық сана-сезім, жалпы мәдениет, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- студент жастардың ақыл-ой қабілеті мен өнерге, білімге құштарлығын дамыту;
- оқушыларға дербестікті ұйымдастыруда нақты мүмкіндіктер беру арқылы елдің қоғамдық – саяси өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыру;
- студент жастардың арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу.

Оқушыны тұлға ретінде тәрбиелеу жұмысында түрлі формалар мен әдістер қолданылды: тәрбие сағаттары, әңгімелер, дөңгелек үстелдер, шындық, ерлік сабақтары, ардагерлермен кездесулер, тренингтер, байқаулар, қабырға газеттерін, плакаттар шығару, ұлттық мәдени орталықтармен (ҰМО), қоғамдық бірлестіктермен, Шымкент ҚПД Абай АПБ, прокуратура қызметкерлерімен кездесулер, спорт секцияларының, көркемөнерпаздар үйірмелерінің, техникалық шығармашылық үйірмелерінің жұмыстары.

Оқу-тәрбие бағытындағы жұмыс жоспары төмендегідей бағыттарды қамтиды:

- рухани-адамгершілік тәрбие бағыты
- зияткерлік және азаматтық мәдениет тәрбиесінің бағыты
- салауатты өмір салтын және әскери-патриоттық тәрбиені қалыптастырудың бағыты
- көркем-эстетикалық және өнерге баулудың тәрбие бағыты
- қылмыс пен құқық бұзушылықтардың, теріс діни ағымдардың алдын алу мақсатындағы тәрбие бағыты
- еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты – жастарды ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, тарих, әдебиет тұрғысында асыл мұраларды бойына сіңіре отырып мемлекеттік бағдарламалар, оның ішінде «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында іс-шараларға белсене атсалысуға және балалар мен қарттар үйлеріне, ардагерлерге қайырымдылық жасау тұрғысындағы іс-шараларға қатыстыру арқылы саналы азаматтарды қалыптастыру мақсатында жұмыс жүргізеді.

Зияткерлік және азаматтық мәдениет тәрбиесінің бағыты – білім алушы студент жастардың интеллектуалдық деңгейін жоғарылату үшін түрлі зияткерлік және танымдық сайыстар мен ойындар ұйымдастыру және азаматтық мәдениет қалыптастыру үшін ең алдымен жастарды колледждің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға баулу мақсатында жұмыс жүргізеді.

Салауатты өмір салтын және әскери-патриоттық тәрбиені қалыптастырудың бағыты – жастарды дені сау, жігерлі тұлға ретінде қалыптасуы үшін дене шынықтыру және АӘД пәні оқытушыларымен бірге түрлі спорттық және әскери-патриоттық сайыстарды ұйымдастырып, студенттерді оларға қатысуға ынталандыру, медициналық сауаттылық пен гигиенаны сақтау тұрғысында мейірбикелермен іс-шаралар өткізу арқылы аталмыш бағыттағы тәрбиені жүзеге асыру мақсатында жұмыс жүргізеді.

Көркем-эстетикалық және өнерге баулудың тәрбие бағыты – білім алушылардың студенттік өмірінің қызықты өтуіне және әдеби кештерге, КТК, дебаттарға және ән, би тб. өнер түрлеріне бейім жастарды анықтап, түрлі іс-шараларға қатыстырып, қалалық деңгейдегі фестиваль және өзгеде жарыстар мен іс-шараларға қатыстыру арқылы тәрбиелеу мақсатында жұмыс жүргізеді.

Қылмыс пен құқық бұзушылықтың, теріс діни ағымдардың алдын алу мақсатындағы тәрбие бағыты – жастар арасында зорлық-зомбылық, әлімжеттік, қоғамдық орындардағы қоқыс тастау, шылым шегу немесе түрлі вандалдық әрекеттерге жол бермеу мақсатында студенттермен, олардың ата-аналарымен ата-аналар жиналысы, педагог-психологпен бірге түсіндіру-профилактикалық жұмыстар жүргізу, іс-шаралар өткізу және колледждің тәрбие бөлімінің құрылымдық бөлімшесі ретінде ОТЖ орынбасардың ұйымдастыруымен аудандың жасөспірімдер істері жөніндегі учаскелік инспектор және полиция қызметкерлерімен, ювенальдық сот, прокуратура және Б.Момышұлы атындағы білім беру орталығы мамандарымен, сонымен қатар қалалық наркологиялық диспансердің нарколог-дәрігерлерімен, Даумед емханасы, №2 емхана дәрігерлері және түрлі психолог мамандар шақырып, арнайы кездесу өткізу арқылы студенттерге құқықтық білім және тәрбие беру негізінде түсіндіру-профилактикалық жұмыс жүргізеді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты – жастарды еңбексүйгіштікке баулу, қол өнер туындыларының көрмелерін ұйымдастыру, кәсіпкерлікке баулу мақсатында түрлі жетістікке жеткен кәсіпкерлермен кездесулер өткізу, бизнес сауат ашу мақсатында сабақтар өткізу, тазалыққа баулу және көгалдандыру, оқу орнында және жалпы қалалық сенбіліктер арқылы экологиялық тәрбие қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Оқу-тәрбие бөлімінің жұмыс жүргізуінің алты негізгі бағыты жоспарланған:

2020-2023 оқу жылдарында оқу-тәрбие бөлімінің кешенді жұмыс бағдарламаларының нәтижесінің жоғарылағандығын мониторинг көрсеткіштеріндегі үзінділерден байқауға болады:

2020-2021 оқу жылдарында оқу-тәрбие бөлімінің «Студенттік өзін-өзі басқару ұйымына» мүше жастардың саны 40-ы құраса, 2021-2022 оқу жылында бұл көрсеткіш 61-қа жетті, өсім – 1,5 есе.

Қоғамдық іс-шараларға студенттердің белсене атсалысуы мен қатысу деңгейі де 4 есеге өскен. Жасөспірімдер арасындағы қылымыс пен құқық бұзушылық оқиғалары 2020-2023 оқу жылымен салыстырғанда айтарлықтай азайды, оның ішінде колледж студенттері арасынан тіркелген қылмыс саны - 0.

Республика көлемінде қолға алынған «Адалдық алаңы» жобасы аясында оқу орнымызда білім алушы студент жастарды адалдыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тазалыққа тәрбиелеу және баулу мақсатында «Адалдық дүкені» жұмыс жасауда. Сонымен қатар «Студенттердің өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» да жұмысын жалғастыруда.

Студенттердің жеке қабілеттері мен интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту, шыншылдық мәдениетін қалыптастыру азаматтық ролі мен жауапкершілігін, қызығушылығын арттыру, олардың бойында патриоттық рухты дамыту, спорттық жетістіктерге жету мақсатында:

- 1,2,3 курстың 1091 студенті, яғни 75,4% - пайызынан астамы еріктілер қатарына қосылған, жалпы студенттер саны 1447 студент;
- оқу-өндірістік шеберлері тарапынан ұйымдастырылған 32 техникалық-шығармашылық үйірмелеріне 640 студент жұмылдырылған;
- колледжде келесі үйірмелер сабақтан тыс уақытта студенттер үшін жұмыс жүргізеді: «Толеранттық клуб», «Саналы ұрпақ клубы», «Достық» клубы, «Сырласу» қыздар клубы, «Литературная гостиная», «Жастар театры», «Нағыз чемпион» спорт клубы қатарына 160 студент жұмылдырылған;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 15 ақпандағы №1-18-41566-И хаты негізінде, 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында колледжде «Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпы ұлттық мәдени-білім беру жобасы мен «Студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамада көрсетілген мақсат, міндеттерді орындау мақсатында колледж бойынша 8 «Дебаттық клуб» құрылған: «Отан» командасы, «Логика» командасы, «Шаңырақ» командасы, «Жалын» командасы, «Құрмет» командасы, «Жүйрік» командасы, «Қызыл қалам» командасы және «Жұлдыз» командасы, бұл дебаттық қозғалысқа 100 аса студенттер жұмылдырылған;
- «Студенттік өзін-өзі басқару ұйымына» 1,2,3 курстың студенттері өзін-өзі басқару ұйымында белсенді түрде жұмыс жүргізеді.

Колледж студенттерін оқу мен белсенділікке ынталандыру мақсатында Түркістан облысының тарихи орындарына арнайы экскурсиялар ұйымдастырылып, жастардың мәдени-танымдық ой өрістерінің кеңеюі үшін Шымкент қаласында орналасқан музейлерге ұдайы түрде экскурсиялар жасалынады.

Студенттерді оқуға шақыра отырып, колледжде оқудың артықшылығы бұл:

- Колледж студенттерінің жүйелі медициналық бақылаудан өтуі, қажетті оқу әдебиеттерімен, компьютерлік техниканы пайдалануды қамтамасыз етілуі және т.б.
- Күндізгі бөлімде оқитын оқушылар, оқу мерзімінде әскерге шақырудан босатылады.
- Жеке және Занды тұлғалармен жасалған келісім-шарт бойынша оқу ақысы жарты жылға, тоқсанға, әр айға теңгемен төленеді.
- Оқу қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Индустриалды-техникалық колледжі 6 мамандық бойынша кадрлар дайындайды.

Колледжде студенттер мемлекеттік тапсырыс бойынша және ақылы негізде білім алады және білім беру Қазақстан Республикасының мемлекеттік міндетті Білім беру стандарттарының оқу жоспарына сәйкес екі тілде - мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

ТжКББ-нің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес, Индустриалды-техникалық колледжінің ішкі еңбек және оқыту ережелері; емтихандар мен сынақтар туралы ережелер; колледжге қабылдау ережелері; білім алушылардың ағымдағы бақылау жүйесін, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін жүргізу ережелері бекітілген.

Колледждің саясаты білім беру үдерісіндегі субъектілердің жеке ерекшеліктері мен әлемдік көзқарасты ескере отырып оқуды ұйымдастыруды көздейтін студенттік орталыққа бағытталған. Колледждің оқу үдерісінде білім беру, дағдыларды дамыту ғана емес, сонымен қатар студенттің танымдық мүдделерін бағдарлау, өмірлік жоспарлар, құндылық бағдарлары, субъектілердің жеке әлеуетін дамыту болып табылады.

Колледждің академиялық саясаты оқуға, бос уақытты өткізуге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және білім алудың барлық кезеңінде студенттерді әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Колледжде білім беру сапасына қанағаттанушылық студенттерден алынған сауалнамада айқын көрініс тапқан.

Колледжде білім беру сапасын бағалау студенттердің пікірін зерттеу негізінде өтіп, ішкі жүйесінде әр көрсеткіш бағаланады. Студенттердің пікірін зерттеу студенттер арасында сауалнамалар жүргізу арқылы анықталынады. Сауалнамада оқытушының кәсіби қызмет сапасы туралы пікірлер, сессияны ұйымдастыру және өткізу, басқарушылық қызметтің сапасы және т.б. көрсетіледі.

Жыл сайын колледжде жүргізілетін сауалнаманың басты мақсаты - студенттердің таңдаған мамандығы бойынша қанағаттану деңгейін, сондай-ақ колледждің білім беру нәтижелерін, білім беру жүйесінің әртүрлі құрамдас элементтеріне деген көзқарасын бағалау болып табылады.

2020-2021 оқу жылында жүргізілген сауалнама көрсеткіштері:

- білім және тәрбие беруімен қанағаттануы – 100 %;
- ғаламтордың студенттер үшін қолжетімділігі - 80%;
- қолдау қызметтерін бағалау - 97%;

- оқытушыларының кәсіби шеберлік деңгейін бағалауы - 96%;
- оқытудың техникалық құралдарын және көрнекілік элементтерін пайдаланудағы қанағаттану - 95%;

- мамандыққа сай колледждің кітапхана қорындағы кітаптардың электронды оқулықтармен толық қамтылуымен қанағаттануы - 95%.

2021-2022 оқу жылында жүргізілген сауалнама көрсеткіштері:

- білім және тәрбие беруімен қанағаттануы – 100 %;
- ғаламтордың студенттер үшін қолжетімділігі - 97%;
- қолдау қызметтерін бағалау - 100%;
- оқытушыларының кәсіби шеберлік деңгейін бағалауы - 100%;
- оқытудың техникалық құралдарын және көрнекілік элементтерін пайдаланудағы қанағаттану - 98%;

- мамандыққа сай колледждің кітапхана қорындағы кітаптардың электронды оқулықтармен толық қамтылуымен қанағаттануы - 96%.

2022-2023 (бірінші жартыжылдықта) оқу жылында жүргізілген сауалнама көрсеткіштері:


- білім және тәрбие беруімен қанағаттануы – 100 %;
- ғаламтордың студенттер үшін қолжетімділігі - 100%;
- қолдау қызметтерін бағалау - 100%;
- оқытушыларының кәсіби шеберлік деңгейін бағалауы - 100%;
- оқытудың техникалық құралдарын және көрнекілік элементтерін пайдаланудағы қанағаттану - 100%;

- мамандыққа сай колледждің кітапхана қорындағы кітаптардың электронды оқулықтармен толық қамтылуымен қанағаттануы - 97%.

Индустриалды-техникалық колледжінің білім алушыларына арналған ар-намыс кодексі жастар комитеті отырысында талқыланып қабылданады. Кодекстің қағидаттары мен ережелері барлық оқу топтарының тәрбие сағаттарында таныстырылады және колледждің хабарлама бұрышында ілінген. Студенттердің ар-намыс кодексінде студенттердің құқықтары мен міндеттері, мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің барлық сипаттары анық жазылған. Білім алушылар осы ар-намыс кодексінде қабылданған этикалық нормалар мен оның ережелерін қатаң сақтауға міндетті.

Жыл сайын дәстүрлі іс-шаралар – «Білім күні», «Тілдер мерекесі», «Менің сүйікті ұстаздарым», «Студенттер қатарына қабылдау», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні», «Наурыз», «Менің мамандығым – менің мақтанышым», «Ашық есік күндері», «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны», «Жолың болсын жас маман!» және т.б. іс-шаралар өтеді.


"Білім күніне" арналған салтанатты жиын



"Тілдер мерекесіне" арналған іс-шаралар



"Жастар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу" бойынша профилактикалық іс-шаралар



"Тәуелсіздік күніне" арналған мерекелік концерт



"Студенттер арасындағы спорттық сайыстар"



"Студенттік қабылдау" - салтанатты кеші



"Наурыз" мерекесі



Волейбол үйірмесі



Үстел теннисі үйірмесі




Шахмат, дойбы үйірмесі




Шағын футбол үйірмесі



Жеңіл атлетика үйірмесі



Тоғызқұмалақ үйірмесі



18. Студенттердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

1) МЖМБС белгіленген білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі;

Колледжде білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі күндізгі оқыту нысанында міндетті оқу жүктемесін – аптасына 36 сағаттан кем емес мөлшерде қойылуда. Сондай-ақ, мерекелік күндердің есебінен қойылатын сабақтар мен факультативтік сабақ пен консультацияны қоса алғанда 54 сағаттан аспайды.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін ұзақтығы 45 минут академиялық сағат белгіленеді.

Колледж контингентінің сыйымдылығына қарай 2 ауысыммен сабақ кестесі қойылады.

2) МЖМБС талаптарына сәйкес күндізгі оқу нысаны кезіндегі міндетті апталық оқу жүктемесі сақталған. Жалпы календарлық жылда 52 апта болса, оқу жылына 40 жұмыс аптасы, яғни 60 кредит 1440 сағат қойылған. Бір оқу жылы екі жарты жылдықтардан тұрады. Қысқы және жазғы сессия арасында 2 апталық демалыс, ал жазғы демалыс 9 аптаны құрайды. 1 апта мерекелік күндер есебінен алынды.

3) ТЖКБ ОЖЖ және МЖМБС талаптарына сәйкес оқу жылының ұзақтығы қатаң сақталған. Оқу үдерісінің кестесіне сәйкес оқу жылы 1 қыркүйектен бастан 30 маусымға дейін 40 жұмыс аптасы толық қамтылған.

19. Колледж студенттерінің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Индустриалды-техникалық колледжде студенттерді қорытынды аттестаттау, оның ішінде ҚБТ-ны қолдана отырып, оқу процесінің кестесінде көрсетілген мерзімде және МЖМБС белгіленген оқу жұмыс жоспарларының нысандары бойынша өткізіледі.

Колледжде ҚБТ-ны қолдана отырып, қорытынды аттестаттауды өткізу үшін:

- 1) студенттерді үздіксіз бейне және аудио бақылау, бейнежазба жүргізуді;
- 2) мемлекеттік емтихан кезінде студенттердің презентациялық материалдарын көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ететін қажетті жабдықтар жиынтығы бар бөлмелер жабдықталады.

ҚБТ-ны қолдана отырып қорытынды аттестаттауға қатысатын студенттердің процедураның тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдары мен бағдарламалық қамтамасыз етуі болады.

Комиссияға мынадай материалдар мен құжаттар ұсынылады:

- 1) мамандық бойынша оқу жұмыс жоспары;
- 2) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы басшысының студенттерді қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрығы;
- 3) студенттердің қорытынды бағаларының жиынтық ведомосы;
- 4) оқу бағдарламасына сәйкес қорытынды емтиханға енгізілген емтихан билеттерінің жиынтығы мен сұрақтар тізбесі;

Пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес: бірнеше арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік

модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, жазбаша, кешенді емтихан нысандарында өткізіледі.

Оқу пәндері және (немесе) модульдер, курстық жобалар (жұмыстар) бойынша, оқу жоспарларының тәжірибелері бойынша есептердің сынақтар мен емтихандарының кемінде оқу бағдарламаларының кемінде 75 пайызын «жақсы» бағалармен ал қалғандарын – «жақсы» бағаларымен тапсырған және игерген және дипломдық жұмысты (жобаны) және (немесе) емтихандарды «жақсы» деген бағамен қорғаған студенттар, білім беру ұйымының қорытынды аттестациялық комиссиясының шешімі бойынша үздік диплом беріледі.

Балдық-рейтингтік әріптік жүйені қолдану кезінде білім беру бағдарламасын «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағаларымен игерген және тапсырған және оқудың барлық кезеңінде үлгерімінің орташа балы 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ қорытынды аттестаттауды «А», «А-» бағаларымен тапсырған студенттарға, оқудың барлық кезеңі ішінде емтихандарды қайта тапсыру болмаған жағдайда, үздік диплом беріледі.

Біліктілік деңгейін көрсете отырып диплом беру туралы шешім пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар және (немесе) дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау нәтижелері негізінде қабылданады.

Комиссияның төрағасы екі апталық мерзімде аттестаттау аяқталысымен аттестаттау қорытындысы туралы есеп дайындайды.

Комиссия төрағасының есебінде: студенттердің аталған мамандық (кәсіп) бойынша даярлық деңгейі; студенттердің емтиханда анықталған біліміне сипаттама; пәндердің және (немесе) модульдердің жекелеген сұрақтары бойынша студенттердің даярлығында кездесетін кемшіліктер; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру кәсіптері (мамандықтары) бойынша білікті кадрлар даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша ұсынымдар көрсетіледі.

Комиссия төрағасы педагогикалық кеңеске комиссия жұмысының қорытындылары туралы баяндайды.

20. Оқу мерзіміне және мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын игеруге қойылатын талаптар.

МЖМБС талаптарына сәйкес оқу уақытының көлемі толық сақталған. 2 жыл 10 ай мерзіміндегі топтарда міндетті оқыту сағаттары 180 кредит, яғни 4320 сағатты құрайды, ал 10 ай мерзімдегі оқу топтарында 60 кредит, 1440 сағат сақталған.

Қорытындылар

"Индустриалды-техникалық колледж" МКҚК тарапынан жүргізілген өзін-өзі бағалау негізінде директордың бұйрығымен бекітілген жұмыс тобы келесі қорытындыларды жасады:

1. Жалпы колледждің басқару жүйесі жарғылық талаптарға сәйкес келеді, нормативтік және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттама қолданыстағы заңнамаға және Жарғыға сәйкес келеді.

2. Колледжді басқарудың ұйымдық құрылымы Миссияға, стратегиялық мақсаттарға және міндеттерге сәйкес келеді. Колледждегі білім беру процесі жұмыс берушілермен келісілген оқу жұмыс жоспарларына, оқу процесінің жылдық кестелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Болашақ мамандардың салалық біліктілік шеңберіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес келетін, сондай-ақ еңбек нарығының қажеттіліктері мен студенттердің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыратын базалық және кәсіптік құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламалары әзірленіп, іске асырылуда. Бағдарламаның мазмұны Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келеді және білім беру қызметтерінің талапқа сай деңгейдегі сапасын қамтамасыз етеді.

4. Білікті жұмысшыларды даярлаудың білім беру бағдарламалары тиісті оқу-әдістемелік кешендермен (ОӘК) қамтамасыз етілген. Қолданыстағы оқу-әдістемелік кешендердің мазмұны нормативтік талаптарға сәйкес келеді.

5. Білім беру ұйымының педагог қызметкерлерінің біліктілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі No 338 "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" бұйрығының біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

6. Білім алушылар іс-тәжірибеден өтетін кәсіпорындар базасында практикадан өту үшін практика базалары-кәсіпорындармен шарттар жасалған. Білім алушыларды колледж бен қала кәсіпорындарының бірлесіп даярлауы түлектердің жұмысқа жылдам орналасуына ықпал етеді.

7. Колледждегі тәрбие жұмысы жүйелі, алуан түрлі, білім беру процесінің де, студенттердің бос уақытының да әртүрлі бағыттарын қамтиды. Колледжде дамушы қарым-қатынас ортасы қалыптастырылып, студенттердің әлеуметтік маңызды іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайлар жасалған.

8. Колледж білім алушылардың мәлімделген саны, дайындық бағыттары мен деңгейлері бойынша білім беру қызметін жүргізу үшін жеткілікті материалдық базамен қамтылған. Колледждің материалдық - техникалық базасы білім беру мекемесінің оқу жоспарында көзделген зертханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды, модульдік даярлықты, оқу практикасының барлық түрлерін жүргізуді қамтамасыз етеді.

9. Оқыту сапасы білім беру процесінің барлық кезеңдерінде мемлекеттік білім беру стандарттарынан ауытқымай орындау арқылы қамтамасыз етіледі.

10. Әдістемелік қызмет іске асырылатын негізгі білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

11. Колледжде контингенттің тұрақты өсуі байқалады. Индустриалды-техникалық колледж мемлекеттік тапсырысқа сәйкес барлық мәлімделген мамандықтар бойынша білім алушыларды қабылдау жоспарын орындайды. Индустриалды-техникалық колледж "Жас маман" республикалық жобасына қатысып, колледж шеберханаларының техникалық жабдықталуы жақсарды, сандық бағдарламалық қамтамасыз етумен заманауи токарлық және фрезерлік станоктар, түрлі конфигурациялы дәнекерлеу жабдықтары, Siemens PLC заманауи өнеркәсіптік электропневмоавтоматика және бағдарламалауды зерделеу бойынша оқу стенд-тренажері, күн / желді зерттеуге арналған демонстрациялық стенд-тренажер сатып алынды энергетика және басқа да Бақылау-өлшеу аспаптары мен оқу-зертханалық жабдықтар алынды. Сатып алынған заманауи жабдықтармен жұмыс істеу бойынша оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін даярлау жүргізілді. "Жас маман" жобасы арқылы алынған заманауи оқу жабдықтарында сұранысқа ие мамандықтар бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыруға, оқытушылардың біліктілігін арттыруға, түлектерді жұмысқа орналастыру және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді.